



**«Мағжан Жұмабаев атындағы колледж» КМҚК
жатақханасында студенттердің тұру қағидалары туралы
ЕРЕЖЕ**



**ПОЛОЖЕНИЕ
о правилах проживания студентов в общежитии
КГКП «Высший колледж имени Магжана Жумабаева»**

**Петропавл қ., 2026 ж.
г. Петропавловск, 2026 г.**

31.08.2026 жылғы
№1 педагогикалық кеңесте
қарастырылды

Келісіді
Кәсіподақ комитетінің төрайымы



С.Р.Кожакеева

«Бекітемін»
«Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары
колледж» КМҚК директоры





С.Ж.Жананова

*Мағжан Жұмабаев атындағы колледж жатақханасында
студенттердің тұру қағидалары туралы
ЕРЕЖЕ*

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже колледж жатақханасына білім алушыларды қоныстандыру, орналастыру, тұру, басқа орынға ауыстыру және жатақханадан шығару тәртібін айқындайды, сондай-ақ жатақханада тұратындардың негізгі құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

1.2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының білім беру және тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамасына, колледж Жарғысына және Колледждің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес әзірленді.

1.3. Жатақхана тиісті негіздер мен бос орындар болған жағдайда колледж білім алушыларының оқу кезеңінде уақытша тұруына арналған.

1.4. Білім алушыларды жатақханаға орналастыру, орындарды бөлу, басқа орынға ауыстыру және жатақханадан шығару белгіленген тәртіппен колледж әкімшілігі тарапынан жүзеге асырылады.

1.5. Жатақханада тұратындар осы Ережені, Ішкі тәртіп ережелерін, санитариялық-гигиеналық талаптарды, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға және жатақхананың мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

1.6. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Колледж жарғысымен және колледждің Ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі.

2. ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ТҰРУ ТӘРТІБІ

2.1. Білім алушыларды орналастыру колледж әкімшілігінің шешімі негізінде және бос орындар болған жағдайда жүзеге асырылады.

2.2. Білім алушыларды бөлмелерге және жатын орындарға орналастыру жатақхана әкімшілігі тарапынан бос орындардың болуын, білім алушының жынысын, оқу курсын, тобын және басқа да ұйымдастырушылық жағдайларды ескере отырып жүзеге асырылады. Студентке белгілі бір тұрғын бөлмеден орын беріледі.

2.3. Бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше қоныс аударуға, сондай-ақ бекітілген жатын орынды өз бетінше ауыстыруға тыйым салынады.

2.3.1. Тұрғынды бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстыру тек колледж әкімшілігінің және жатақхана менгерушісінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

Қайта орналастыру мынадай жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

- жатақханадағы орындарды тиімді әрі ұтымды бөлу қажеттілігі туындаған жағдайда;

- бөлмелердегі тұрғындар саны өзгерген жағдайда;

- бөлмені жөндеу, оның апатты жағдайда болуы немесе бөлмеде тұруға кедергі келтіретін өзге де жағдайларға байланысты;

- медициналық, отбасылық немесе басқа да дәлелді себептер бойынша;
- тұрғындар арасында жанжал туындаған жағдайда, егер қалыпты тұру жағдайларын қамтамасыз ету үшін қайта орналастыру қажет болса;

- тұрғынның өтініші бойынша және бос жатын орын болған жағдайда;
- колледж әкімшілігінің шешімі бойынша өзге де жағдайларда.

2.3.2. Тұрғынның бастамасы бойынша қайта орналасу үшін колледж басшысының немесе жатақхана меңгерушісінің атына қайта орналасу себебі көрсетілген жазбаша өтініш беріледі.

2.3.3. Қайта қоныстандыру туралы шешімді колледж әкімшілігі бос орындардың болуын, санитариялық нормаларды, тұрғындардың жас ерекшеліктерін және басқа да ерекшеліктерін, сондай-ақ белгіленген орналастыру тәртібін сақтау қажеттілігін ескере отырып қабылдайды.

2.3.4. Қайта орналастыру тиісті өкіммен, бұйрықпен немесе жатақхананың белгіленген құжаттамасына жазба енгізу арқылы рәсімделеді.

2.3.5. Қайта орналастыру кезінде тұрғын өзіне бекітілген мүлікті, жиһазды және мүкәммалды бір бөлмеден екінші бөлмеге тек жатақхананың жауапты қызметкерінің рұқсатымен ауыстыруға міндетті.

2.3.6. Қайта орналасқаннан кейін тұрғын бұрынғы жатын орнын босатып, оны жауапты тұлғаға тапсыруға және мүліктің жай-күйін тексере отырып, жаңа жатын орынды қабылдауға міндетті.

2.3.7. Бос жатын орынды өз бетінше иеленуге немесе әкімшіліктің рұқсатын рәсімдемей басқа бөлмеге ауысуға тыйым салынады.

2.3.8. Апат, жөндеу жұмыстары, санитариялық жағдай немесе қауіпсіздікке қатер туындауына байланысты шұғыл қайта орналастыру қажет болған жағдайда, тұрғын әкімшілік тарапынан белгіленген талаптарға сәйкес келетін басқа бөлмеге орналастырылады.

2.3.9. Жатақхана әкімшілігі тұрғын үй-жайларды тиімді пайдалану және білім алушыларды орналастыру тәртібін сақтау қажеттілігі туындаған жағдайда, оқу жылы ішінде тұрғындарды жоспарлы түрде қайта қоныстандыруға құқылы.

2.4. Жиһазды, мүкәммалды, жабдықтарды және басқа да материалдық құндылықтарды бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше ауыстыруға тыйым салынады.

2.5. Студентке тұру үшін берілген орынды басқа адамға беруге жол берілмейді.

2.6. Жатақханаға орналасу кезінде студент өзіне бекітілген мүлікті қабылдап алады және оның сақталуына жауапты болады.

2.7. Жатақханадан шығарылған кезде студент өзіне уақытша пайдалануға берілген төсек-орын жабдықтарын, кілттерді, мүкәммалды, жабдықтарды және басқа да мүлікті тапсыруға міндетті.

2.8. Жазғы демалысқа шығар алдында студент тұрғын бөлмені тиісті жағдайға келтіруге, әкімшілік белгілеген тазалау және косметикалық жөндеу жұмыстарын орындауға, сондай-ақ кілттерді белгіленген тәртіппен тапсыруға міндетті.

3 ЖАТАҚХАНАДА ТҰРАТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Студенттер құқылы:

3.1. Қауіпсіз және тиісті тұру жағдайларына.

3.2. Жатақхананың тұрғын бөлмелерін, жиһаздарын, жабдықтары мен мүкәммалын олардың мақсатына сәйкес пайдалануға.

3.3. Белгіленген қағидаларға сәйкес ортақ пайдаланылатын орындарды пайдалануға.

3.4. Тұру мәселелері бойынша Колледж әкімшілігіне, тәрбиешіге, вахтерге және басқа да жауапты қызметкерлерге жүгінуге.

3.5. Негізді себептер болған жағдайда қайта қоныстандыру туралы өтініш беруге.

3.6. Жатақхананың жұмыс тәртібі және белгіленген қағидалар туралы ақпарат алуға.

3.7. Басқа тұрғындар мен жатақхана қызметкерлері тарапынан өзіне құрметпен қарауды талап етуге.

3.8. Тұру жағдайларын және жатақхананың жай-күйін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге.

4. СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

Жатақханада тұратын студенттер міндетті:

- 4.1. Осы Ережені, ішкі тәртіп қағидаларын және белгіленген күн тәртібін қатаң сақтауға.
- 4.2. Тұрғын бөлмелерде және ортақ пайдаланылатын орындарда тазалық пен тәртіпті сақтауға.
- 4.3. Тұрғын бөлмелерде күн сайын ылғалды тазалау жүргізуге.
- 4.4. Белгіленген кезекшілік кестесін сақтауға және ортақ пайдаланылатын орындарды тазалауға қатысуға.
- 4.5. Жатақхана ғимаратына, жиһазға, жабдықтарға, мүкәммалға және басқа да мүлікке ұқыпты қарауға.
- 4.6. Өз кінәсінен келтірілген материалдық залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуге.
- 4.7. Суды және электр энергиясын үнемдеп пайдалануға.
- 4.8. Жатақханада тұру үшін белгіленген төлемді уақытылы төлеуге.
- 4.9. Өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі қағидаларын және санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтауға.
- 4.10. Қоғамдық іс-шараларға және жатақхананы абаттандыру жөніндегі іс-шараларға қатысуға.
- 4.11. Белгіленген кестеге сәйкес асүйлерді, жуыну бөлмелерін, дәліздерді және басқа да ортақ пайдаланылатын орындарды тазалауға қатысуға.
- 4.12. Анықталған ақаулар, апаттық жағдайлар, мүліктің бүлінуі және қауіпсіздікке қатер төндіретін басқа да жағдайлар туралы тәрбиешіге, вахтерге немесе әкімшілікке дереу хабарлауға.
- 4.13. Иесіз қалған заттар, пакеттер, сөмкелер, түйіншектер және басқа да күдікті заттар анықталған жағдайда тәрбиешіге немесе вахтерге дереу хабарлауға.
- 4.14. Бейтаныс немесе жатақханада тұрмайтын адамдардан үшінші тұлғаларға беру үшін пакеттерді, сөмкелерді, түйіншектерді және басқа да заттарды қабылдамауға.

5. КҮН ТӘРТІБІ

Жатақханада келесі күн тәртібі белгіленеді:

Уақыты	Режимі
07:00	Тұру
07:30–08:00	Ылғалды тазалау
08:00–11:00	Өзіндік дайындық уақыты.
21:00–22:30	Өзіндік дайындық уақыты.
22:30	Ұйқыға дайындалу.
23:00	Ұйқыға жату

5.1. Сағат 23:00-ден бастап жатақханада тыныштық режимі белгіленеді.

5.2. Сағат 23:00-ден кейін қатты сөйлесуге, музыканы қосуға, теледидарды жоғары дыбыспен көруге, шу шығаратын іс-шаралар өткізуге және тұрғындардың тыныштығын бұзатын өзге де әрекеттерге тыйым салынады.

5.3. Тыныштық режимі кезінде жарықтандыруға белгіленген тәртіпке сәйкес тек дәліздерде және ортақ пайдаланылатын орындарда рұқсат етіледі.

6. СТУДЕНТТІҢ ТҮНГІ УАҚЫТТА ЖАТАҚХАНАДА БОЛМАУЫ

6.1. Түнгі уақытта жатақханада болмау қажет болған жағдайда студент жатақхана тәрбиешісіне және топ кураторына алдын ала хабарлауға міндетті.

6.2. Түнгі уақытта жатақханада болмау үшін студент ата-анасының (заңды өкілінің) келісімімен тиісті өтініш береді. Өтініште төмендегілер көрсетілуі тиіс:

- болмау себебі;
- болмау күні мен уақыты;
- болатын орны;
- болатын жерінің толық мекенжайы;
- байланыс телефонының нөмірі.

6.3. Кәмелетке толмаған студенттер түнгі уақытта жатақханада болмаған жағдайда Колледж белгілеген талаптарды және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды сақтайды.

7. ЖАТАҚХАНАҒА КЕЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

7.1. Жатақханаға кіру қатаң түрде рұқсатнамалар бойынша жүзеге асырылады.

7.2. Ата-аналардың, заңды өкілдердің және басқа да келушілердің жатақханаға келуі әкімшілік белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

7.3. Күзет қызметі жұмыс істейтін уақытта ата-аналарға немесе заңды өкілдерге жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда және келушілерді тіркеудің белгіленген тәртібін сақтай отырып, жатақханаға кіруге рұқсат етіледі.

7.4. Келушілердің белгіленген тәртіп ережелерін сақтауына оларды шақырған студент жауапты болады.

7.5. Бөтен адамдарға жатақхана әкімшілігінің рұқсатынсыз тұрғын бөлмелерге өз бетінше кіруге тыйым салынады.

7.6. Бөтен адамдардың жатақханада түнеп қалуына тыйым салынады.

8. ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

8.1. Студенттердің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төмендегілерге тыйым салынады:

- конструкциясында қарастырылған желдеткіш көздерден басқа терезе жақтаулары мен фрамугаларды ашуға;

- терезелер мен желдеткіш көздерден сыртқа еңкеюге;

- терезе алдына тұруға немесе отыруға;

- терезе конструкцияларына сүйенуге;

- терезеден пакеттерді, сөмкелерді, азық-түлік өнімдерін және басқа да заттарды сыртқа ілуге;

- терезелердің сыртқы жағына заттар орналастыруға;

- адамның немесе заттардың биіктіктен құлау қаупін тудыратын өзге де әрекеттер жасауға.

8.2. Терезе конструкцияларында ақау анықталған жағдайда студент бұл туралы тәрбиешіге немесе әкімшілікке хабарлауға міндетті.

9. ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

9.1. Электр жабдықтарын пайдалану кезінде студенттер өрт қауіпсіздігі және электр қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға міндетті.

9.2. Тұрғын бөлмелерде мыналарды пайдалануға тыйым салынады:

- электр шәйнектерін;

- электр плиткаларын;

- электр жылытқыштарын;

- жатақхананың жабдықталуында көзделмеген басқа да қыздыру электр аспаптарын.

9.3. Әкімшіліктің рұқсатынсыз қосымша электр аспаптарын орнатуға тыйым салынады.

9.4. Өз бетінше төмендегілерді жөндеуге немесе қайта жасауға тыйым салынады:

- электр сымдарын;

- электр розеткаларын;

- ажыратқыштарды;

- электр қосылыстарын;

- басқа да электр жабдықтарын.

9.5. Электр жабдығының ақауы анықталған жағдайда оны пайдалануды дереу тоқтатып, бұл туралы жауапты қызметкерге хабарлау қажет.

9.6. Эвакуациялық шығу жолдарын, дәліздерді, баспалдақ алаңдарын және басқа да эвакуациялау жолдарын заттармен бөгеп қоюға тыйым салынады.

9.7. Өрт немесе басқа да төтенше жағдай туындаған кезде жатақхана қызметкеріне дереу хабарлап, эвакуациялау жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес әрекет ету қажет.

10. САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР

10.1. Әрбір студент жеке бас гигиенасы ережелерін және санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтауға міндетті.

10.2. Тұрғын бөлмелер таза ұсталуы тиіс.

10.3. Ортақ пайдаланылатын орындарды пайдаланғаннан кейін таза және тиісті жағдайда қалдыру қажет.

10.4. Тамақ қалдықтарын уақтылы арнайы белгіленген орындарға тастау қажет.

10.5. Тамақ өнімдерін санитариялық талаптарға сай емес жағдайда сақтауға тыйым салынады.

10.6. Әрбір тұрғын санитариялық күндерге және жатақхананы тазалауға қатысуға міндетті.

11. САНИТАРЛЫҚ КҮН

11.1. Әр бейсенбі сайын сағат 20:30-дан 22:00-ге дейін жатақханада санитариялық күн өткізіледі.

11.2. Жатақханада тұратын барлық студенттердің қатысуы міндетті.

11.3. Санитариялық күн барысында төмендегілер тазаланады:

- тұрғын бөлмелер;
- дәліздер;
- асүйлер;
- қолжуғыш бөлмелер;
- санитариялық тораптар;
- басқа да ортақ пайдаланылатын орындар.

11.4. Тазалау жатақханаға жауапты қызметкер бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

12. ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Студенттерге, жатақханада тұратындарға қатаң түрде тыйым салынады:

12.1. Бөлмеден бөлмеге өз бетінше қоныс аударуға.

12.2. Жиһазды, мүкәммалды және жабдықтарды бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше ауыстыруға.

12.3. Электр сымдарын, розеткаларды, ажыратқыштарды және басқа да электр жабдықтарын өз бетінше жөндеуге немесе қайта жасауға.

12.4. Тұрғын бөлмелерде электр шәйнектерін, электр плиткаларын, электр жылытқыштарын және басқа да қыздыру электр аспаптарын пайдалануға.

12.5. Бөтен адамдарды бөлмеде түнге қалдыруға.

12.6. Жатақхана ғимаратында және жатақхана аумағында темекі шегуге.

12.7. Жатақханаға алкогольдік ішімдіктерді әкелуге, сақтауға және тұтынуға.

12.8. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және заңнамамен тыйым салынған өзге де заттарды әкелуге, сақтауға немесе тұтынуға.

12.9. Жатақханаға тез тұтанатын, жарылғыш және басқа да қауіпті заттар мен бұйымдарды әкелуге.

12.10. Терезе жақтаулары мен фрамугаларды ашуға, терезелер мен желдеткіш көздерден сыртқа еңкеюге.

12.11. Терезеден пакеттерді, сөмкелерді, азық-түлік өнімдерін және басқа да заттарды сыртқа ілуге.

12.12. Сағат 23:00-ден кейін тыныштық режимін бұзуға.

12.13. Төбелес ұйымдастыруға, жанжал шығаруға, басқа тұрғындарды қорлауға немесе кемсітуге.

12.14. Жатақхананың мүлкін, қабырғаларын, есіктерін, терезелерін, жиһаздарын, сантехникалық және басқа да жабдықтарын бүлдіруге.

12.15. Үй-жайлардың мақсатты пайдаланылуын өз бетінше өзгертуге немесе жөндеу жұмыстарын жүргізуге.

13. ТҰРУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

13.1. Осы Ережені бұзғаны үшін студент Қазақстан Республикасының заңнамасына және Колледждің ішкі актілеріне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

13.2. Бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына қарай мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

- ескерту;
- сөгіс;
- жазбаша ескерту;

- ата-анасын немесе заңды өкілдерін шақыру;
- мәселені Колледж әкімшілігінің профилактика кеңесінде қарау;
- келтірілген материалдық залалды өтеу;
- заңнамада және Колледждің ішкі актілерінде көзделген өзге де шаралар.

13.3. Білім алушыны жатақханадан шығару мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- колледжде оқуын аяқтаған немесе тоқтатқан жағдайда;
- білім алушы колледжден шығарылған жағдайда;
- қоныстануға негіз болған шынайы емес мәліметтерді білім алушы ұсынған жағдайда;
- тұру ережелерін жүйелі түрде бұзған жағдайда;
- қоғамдық тәртіпті өрескел бұзған жағдайда;
- жатақхана мүлкін қасақана бүлдірген жағдайда;
- жатын орнын басқа адамға өз бетінше берген жағдайда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Колледждің ішкі актілерінде көзделген өзге де жағдайларда.

13.4. Тұру ережелерін жүйелі түрде бұзған жағдайда әкімшілік студентке жатақханадан орын беруді одан әрі жалғастыру мәселесін белгіленген тәртіппен қарауға құқылы.

13.5. Жатақхананың мүлкін бүлдіргені немесе жоғалтқаны үшін, егер залал оның кінәсінен келтірілген болса, студент материалдық жауапкершілікке тартылады.

14. ЖЕКЕ ЗАТТАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІК

14.1. Студенттер өздерінің жеке заттарының, құжаттарының, ақша қаражаттарының, ұялы телефондарының, ноутбуктерінің және басқа да бағалы заттарының сақталуын өздері қамтамасыз етуге міндетті.

14.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай жауапкершілікті жүктеуге негіздер болмаған жағдайда, жатақхана әкімшілігі студенттердің жеке заттарының жоғалуы немесе бүлінуі үшін жауапты болмайды.

14.3. Жеке заттарының жоғалғанын анықтаған жағдайда студент бұл туралы дереу тәрбиешіге немесе жатақхана әкімшілігіне хабарлауға міндетті.

15. КҮДІКТІ ЗАТТАР АНЫҚТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

15.1. Студенттерге бейтаныс немесе жатақханада тұрмайтын адамдардан үшінші тұлғаларға беру мақсатында пакеттерді, сөмкелерді, орамаларды және басқа да заттарды қабылдауға тыйым салынады.

15.2. Иесіз қалған пакет, сөмке, орама немесе басқа да күдікті зат анықталған жағдайда төмендегілерге тыйым салынады:

- оған қол тигізуге;
- оны ашуға;
- орнын ауыстыруға;
- басқа бөлмеге апаруға.

15.3. Күдікті немесе иесіз қалған зат туралы дереу тәрбиешіге, вахтерге немесе жатақхана әкімшілігіне хабарлау қажет.

15.4. Қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда жауапты тұлғалардың нұсқауларына және белгіленген нұсқаулықтарға сәйкес әрекет ету қажет.

16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Осы Ереже «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК жатақханасында тұратын барлық студенттер үшін міндетті болып табылады.

16.2. Студент жатақханаға орналасу кезінде осы Ережемен қол қою арқылы танысады.

16.3. Осы Ережені білмеу студентті оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

16.4. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Колледжде белгіленген тәртіппен енгізіледі және бекітіледі.

16.5. Осы Ереже «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК директоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

**«Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК жатақханасында тұру
қағидалары туралы Ережемен
СТУДЕНТТЕРДІ ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ**


Мен, төменде қол қоюшы, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК жатақханасында тұру қағидалары туралы Ережемен танысқанымды, оның мазмұны маған түсінікті екенін растаймын және оны сақтауға міндеттенемін.

Ережемен таныстым:

№	Студенттің аты-жөні	Топ	Күні	Қолы

Рассмотрено
на педагогическом совете №1
от 31.08.2026 года

Согласовано
Председатель
профсоюзного комитета



Кожакенова С.Р.

“Утверждаю”
Директор КГКП «Высший колледж имени
Магжана Жумабаева»



Жақайтова Г.Ш.

ПОЛОЖЕНИЕ о правилах проживания студентов в общежитии Высшего колледжа имени Магжана Жумабаева

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящее Положение определяет порядок заселения, размещения, проживания, переселения и выселения обучающихся из общежития колледжа, а также устанавливает основные права и обязанности проживающих.

1.2. Настоящее Положение разработано в соответствии с законодательством Республики Казахстан в сфере образования и жилищных отношений, Уставом колледжа и Правилами внутреннего распорядка колледжа.

1.3. Общежитие предназначено для временного проживания обучающихся колледжа на период их обучения при наличии соответствующих оснований и свободных мест.

1.4. Заселение, распределение мест, переселение и выселение обучающихся осуществляются администрацией колледжа в установленном порядке.

1.5. Проживающие обязаны соблюдать настоящее Положение, правила внутреннего распорядка, санитарно-гигиенические требования, требования пожарной безопасности и бережно относиться к имуществу общежития.

1.6. Вопросы, не урегулированные настоящим Положением, регулируются законодательством Республики Казахстан, Уставом Колледжа и Правилами внутреннего распорядка колледжа.

2. ПОРЯДОК ЗАСЕЛЕНИЯ И ПРОЖИВАНИЯ

2.1. Заселение обучающихся осуществляется на основании решения администрации колледжа и при наличии свободных мест.

2.2. Распределение обучающихся по комнатам и койко-местам осуществляется администрацией общежития с учетом наличия свободных мест, пола, курса, группы и других организационных обстоятельств. Студенту предоставляется место в определенной жилой комнате.

2.3. Самовольное переселение из одной комнаты в другую, а также самостоятельная смена закрепленного койко-места запрещаются.

2.3.1. Переселение проживающего из одной комнаты в другую осуществляется только с разрешения администрации колледжа и заведующего общежитием.

Переселение может осуществляться:

- при необходимости рационального распределения мест в общежитии;
- при изменении количества проживающих в комнатах;
- в связи с ремонтом, аварийным состоянием или иными обстоятельствами, препятствующими проживанию в комнате;
- по медицинским, семейным или иным уважительным причинам;

- при возникновении конфликтной ситуации между проживающими, если это необходимо для обеспечения нормальных условий проживания;

- по заявлению проживающего и при наличии свободного койко-места;

- в иных случаях по решению администрации колледжа.

2.3.2. Для переселения по инициативе проживающего подается письменное заявление на имя руководителя колледжа либо заведующего общежитием с указанием причины переселения.

2.3.3. Решение о переселении принимается администрацией колледжа с учетом наличия свободных мест, санитарных норм, возрастных и иных особенностей проживающих, а также необходимости соблюдения установленного порядка заселения.

2.3.4. Переселение оформляется соответствующим распоряжением, приказом или записью в установленной документации общежития.

2.3.5. При переселении проживающий обязан передать закрепленный за ним инвентарь, мебель и имущество из одной комнаты в другую только с разрешения ответственного работника общежития.

2.3.6. После переселения проживающий обязан освободить прежнее койко-место, передать его ответственному лицу и принять новое койко-место с проверкой состояния имущества.

2.3.7. Запрещается самостоятельно занимать свободное койко-место или переселяться в другую комнату без оформления разрешения администрации.

2.3.8. В случае необходимости срочного переселения по причине аварии, ремонта, санитарного состояния или возникновения угрозы безопасности проживающий переселяется администрацией в другое помещение, соответствующее установленным требованиям.

2.3.9. Администрация общежития вправе осуществлять плановое переселение проживающих в течение учебного года при необходимости эффективного использования жилых помещений и соблюдения порядка размещения обучающихся.

2.4. Самовольный перенос мебели, инвентаря, оборудования и иных материальных ценностей из одной комнаты в другую запрещается.

2.5. Передача предоставленного студенту места для проживания другому лицу не допускается.

2.6. При заселении студент принимает закрепленное за ним имущество и несет ответственность за его сохранность.

2.7. При выбытии из общежития студент обязан сдать постельные принадлежности, ключи, инвентарь, оборудование и иное имущество, предоставленное ему во временное пользование.

2.8. Перед уходом на летние каникулы студент обязан привести жилую комнату в надлежащее состояние, выполнить предусмотренные администрацией работы по уборке и косметическому ремонту, а также сдать ключи в установленном порядке.

3. ПРАВА СТУДЕНТОВ, ПРОЖИВАЮЩИХ В ОБЩЕЖИТИИ

Студенты имеют право:

3.1. На безопасные и надлежащие условия проживания.

3.2. Пользоваться жилыми помещениями, мебелью, оборудованием и инвентарем общежития в соответствии с их назначением.

3.3. Пользоваться местами общего пользования в соответствии с установленными правилами.

3.4. Обращаться к администрации Колледжа, воспитателю, вахтеру и другим ответственным работникам по вопросам проживания.

3.5. Обращаться с заявлением о переселении при наличии обоснованных причин;

3.6. Получать информацию о режиме работы общежития и установленных правилах.

3.7. На уважительное отношение со стороны других проживающих и работников общежития.

3.8. Вносить предложения по улучшению условий проживания и содержания общежития.

4. ОБЯЗАННОСТИ СТУДЕНТОВ

Студенты, проживающие в общежитии, обязаны:

4.1. Строго соблюдать настоящее Положение, правила внутреннего распорядка и установленный режим дня.

4.2. Соблюдать чистоту и порядок в жилых комнатах и местах общего пользования.

4.3. Ежедневно проводить влажную уборку жилых комнат.

4.4. Соблюдать установленный график дежурства и участвовать в уборке мест общего пользования.

4.5. Бережно относиться к зданию общежития, мебели, оборудованию, инвентарю и другому имуществу.

4.6. Возмещать причиненный по своей вине материальный ущерб в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

4.7. Экономно расходовать воду и электроэнергию.

4.8. Своевременно вносить установленную плату за проживание в общежитии.

4.9. Соблюдать правила пожарной безопасности, электробезопасности и санитарно-гигиенические требования.

4.10. Участвовать в общественных мероприятиях и мероприятиях по благоустройству общежития.

4.11. Принимать участие в уборке кухонь, умывальных комнат, коридоров и других мест общего пользования согласно установленному графику.

4.12. Незамедлительно сообщать воспитателю, вахтеру или администрации о выявленных неисправностях, аварийных ситуациях, повреждении имущества и других обстоятельствах, представляющих угрозу безопасности.

4.13. При обнаружении бесхозных вещей, пакетов, сумок, свертков и других подозрительных предметов незамедлительно сообщать воспитателю или вахтеру.

4.14. Не принимать от незнакомых или непроживающих в общежитии лиц пакеты, сумки, свертки и другие предметы для передачи третьим лицам.

5. РЕЖИМ ДНЯ

В общежитии устанавливается следующий режим дня:

Время	Режим
07:00	Подъем
07:30–08:00	Влажная уборка
08:00–11:00	Время самоподготовки
21:00–22:30	Время самоподготовки
22:30	Подготовка ко сну
23:00	Отбой

5.1. С **23:00 часов** в общежитии устанавливается режим тишины.

5.2. После 23:00 часов запрещаются громкие разговоры, музыка, просмотр телевизора на высокой громкости, проведение шумных мероприятий и иные действия, нарушающие покой проживающих.

5.3. В период режима тишины освещение допускается только в коридорах и местах общего пользования в соответствии с установленным режимом.

6. ОТСУТСТВИЕ СТУДЕНТА В ОБЩЕЖИТИИ В НОЧНОЕ ВРЕМЯ

6.1. В случае необходимости отсутствия в общежитии в ночное время студент обязан заранее уведомить воспитателя общежития и куратора группы.

6.2. Для отсутствия в ночное время студент с родителя (согласия законного представителя) подает соответствующее заявление с указанием:

- причины отсутствия;
- даты и времени отсутствия;
- места пребывания;
- полного адреса места пребывания;
- контактного номера телефона.

6.3. Несовершеннолетние студенты осуществляют отсутствие в ночное время с учетом требований, установленных Колледжем и законодательством Республики Казахстан.

7. ПРАВИЛА ПОСЕЩЕНИЯ ОБЩЕЖИТИЯ

7.1. Вход в общежитие осуществляется **строго по пропускам**.

7.2. Посещение общежития родителями, законными представителями и другими посетителями осуществляется в установленном администрацией порядке.

7.3. В период работы вахты посещение общежития родителями или законными представителями допускается при предъявлении документа, удостоверяющего личность, и с соблюдением установленного порядка регистрации посетителей.

7.4. Ответственность за соблюдение посетителями установленных правил поведения несет пригласивший их студент.

7.5. Посторонним лицам запрещается самостоятельно проходить в жилые комнаты без разрешения администрации общежития.

7.6. Оставлять посторонних лиц на ночлег в общежитии запрещается.

8. ПРАВИЛА ЛИЧНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

8.1. В целях обеспечения личной безопасности студентов запрещается:

• открывать оконные рамы и фрамуги, за исключением предусмотренных конструкцией форточек;

• высовываться из окон и форточек;

• вставать или садиться на подоконники;

• опираться на оконные конструкции;

• вывешивать за окна пакеты, сумки, продукты питания и другие предметы;

• размещать предметы на внешней стороне окон;

• совершать иные действия, создающие угрозу падения человека или предметов с высоты.

8.2. При выявлении неисправности оконных конструкций студент обязан сообщить об этом воспитателю или администрации.

9. ЭЛЕКТРОБЕЗОПАСНОСТЬ И ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ

9.1. При использовании электрического оборудования студенты обязаны строго соблюдать правила пожарной и электробезопасности.

9.2. В жилых комнатах **запрещается использовать:**

• электрические чайники;

• электроплитки;

• электрообогреватели;

• другие нагревательные электроприборы, не предусмотренные оборудованием общежития.

9.3. Запрещается без разрешения администрации устанавливать дополнительные электрические приборы.

9.4. Запрещается самостоятельно производить ремонт или переделку:

• электропроводки;

• розеток;

• выключателей;

• электрических соединений;

• другого электрооборудования.

9.5. При обнаружении неисправности электрического оборудования необходимо немедленно прекратить его использование и сообщить ответственному работнику.

9.6. Запрещается загромождать эвакуационные выходы, коридоры, лестничные площадки и другие пути эвакуации.

9.7. При возникновении пожара или иной чрезвычайной ситуации необходимо незамедлительно сообщить работнику общежития и действовать в соответствии с инструкциями по эвакуации.

10. САНИТАРНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ

10.1. Каждый студент обязан соблюдать правила личной гигиены и санитарно-гигиенические требования.

10.2. Жилые комнаты должны содержаться в чистоте.

10.3. Места общего пользования необходимо оставлять после использования в чистом и надлежащем состоянии.

10.4. Пищевые отходы необходимо своевременно убирать в предназначенные для этого места.

10.5. Запрещается хранить продукты питания в антисанитарных условиях.

10.6. Каждый проживающий обязан принимать участие в санитарных днях и уборке общежития.

11. САНИТАРНЫЙ ДЕНЬ

11.1. **Каждый четверг с 20:30 до 22:00 часов** в общежитии проводится санитарный день.

11.2. Участие всех студентов, проживающих в общежитии, является обязательным.

11.3. В санитарный день осуществляется уборка:

- жилых комнат;
- коридоров;
- кухню;
- умывальных комнат;
- санитарных узлов;
- иных мест общего пользования.

11.4. Уборка проводится согласно графику, утвержденному ответственным работником общежития.

12. ЗАПРЕЩАЕТСЯ

Студентам, проживающим в общежитии, **строго запрещается:**

12.1. Самовольно переселяться из комнаты в комнату.

12.2. Самовольно переносить мебель, инвентарь и оборудование из комнаты в комнату.

12.3. Самостоятельно ремонтировать или переделывать электропроводку, розетки, выключатели и другое электрооборудование.

12.4. Использовать в жилых комнатах электрические чайники, электроплитки, электрообогреватели и другие нагревательные электроприборы.

12.5. Оставлять посторонних лиц в комнате на ночь.

12.6. Курить в здании общежития и на территории общежития.

12.7. Приносить, хранить и употреблять алкогольные напитки в общежитии.

12.8. Приносить, хранить или употреблять наркотические средства, психотропные вещества и иные запрещенные законодательством вещества.

12.9. Приносить в общежитие легковоспламеняющиеся, взрывоопасные и иные опасные вещества и предметы.

12.10. Открывать оконные рамы и фрамуги, высовываться из окон и форточек.

12.11. Вывешивать за окна пакеты, сумки, продукты питания и другие предметы.

12.12. Нарушать режим тишины после 23:00 часов.

12.13. Устраивать драки, конфликты, оскорблять или унижать других проживающих.

12.14. Портить имущество общежития, стены, двери, окна, мебель, сантехническое и другое оборудование.

12.15. Самовольно изменять назначение помещений или производить ремонтные работы.

13. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ ПРОЖИВАНИЯ

13.1. За нарушение настоящего Положения студент несет ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан и локальными актами Колледжа.

13.2. В зависимости от характера и тяжести нарушения могут применяться следующие меры:

- предупреждение;
- замечание;
- письменное предупреждение;
- вызов родителей или законных представителей;
- рассмотрение вопроса администрацией Колледжа на совете профилактики;
- возмещение причиненного материального ущерба;
- иные меры, предусмотренные законодательством и локальными актами Колледжа.

13.3. Выселение обучающегося из общежития производится в следующих случаях:

- окончания или прекращения обучения в колледже;
- отчисления обучающегося из колледжа;
- предоставления обучающимся недостоверных сведений, послуживших основанием для заселения;
- систематического нарушения правил проживания;
- грубого нарушения общественного порядка;
- умышленного повреждения имущества общежития;
- самовольной передачи койко-места другому лицу;
- иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и локальными актами колледжа.

13.4. За систематическое нарушение правил проживания администрация вправе рассмотреть вопрос о дальнейшем предоставлении студенту места в общежитии в установленном порядке.

13.5. Студент несет материальную ответственность за порчу или утрату имущества общежития, если ущерб причинен по его вине.

14. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ЛИЧНЫЕ ВЕЩИ

14.1. Студенты обязаны самостоятельно обеспечивать сохранность своих личных вещей, документов, денежных средств, мобильных телефонов, ноутбуков и других ценных предметов.

14.2. Администрация общежития не несет ответственности за утрату или повреждение личных вещей студентов, если отсутствуют основания для возложения такой ответственности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

14.3. При обнаружении пропажи личных вещей студент обязан незамедлительно сообщить воспитателю или администрации общежития.

15. БЕЗОПАСНОСТЬ ПРИ ОБНАРУЖЕНИИ ПОДОЗРИТЕЛЬНЫХ ПРЕДМЕТОВ

15.1. Студентам запрещается принимать от незнакомых или непроживающих в общежитии лиц пакеты, сумки, свертки и другие предметы для передачи третьим лицам.

15.2. При обнаружении бесхозного пакета, сумки, свертка или другого подозрительного предмета запрещается:

- прикасаться к нему;
- открывать его;
- перемещать;
- переносить в другое помещение.

15.3. О подозрительном или бесхозном предмете необходимо незамедлительно сообщить воспитателю, вахтеру или администрации общежития.

15.4. При возникновении угрозы безопасности необходимо действовать в соответствии с указаниями ответственных лиц и установленными инструкциями.

16. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

16.1. Настоящее Положение является обязательным для всех студентов, проживающих в общежитии КГКП «Высший колледж имени Магжана Жумабаева».

16.2. Студент знакомится с настоящим Положением при заселении в общежитие под подпись.

16.3. Незнание настоящего Положения не освобождает студента от ответственности за его нарушение.

16.4. Изменения и дополнения в настоящее Положение вносятся и утверждаются в установленном Колледжем порядке.

16.5. Настоящее Положение вступает в силу с даты его утверждения директором КГКП «Высший колледж имени Магжана Жумабаева».

ЛИСТ ОЗНАКОМЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ
с Положением о правилах проживания в общежитии КГКП «Высший колледж имени
Магжана Жумабаева»

Я, нижеподписавшийся(аяся), подтверждаю, что ознакомлен(а) с положением о правилах проживания в общежитии КГКП «Высший колледж имени Магжана Жумабаева», содержание мне понятно, обязуюсь соблюдать.

С положением ознакомлен(а):

№	Ф.И.О. студента	Группа	Дата	Подпись